

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі кітапхананың құрылымдық бөлімшесі болып табылады және пайдаланушылардың ақпараттық сұраныстарын сапалы әрі жедел қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Бөлім жұмысының негізгі мақсаты – қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру, кітапхана қорын жан-жақты насихаттау және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

Негізгі қызмет бағыттары:

- анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету;
- ақпараттық сұраныстарды орындау;
- библиографиялық көрсеткіштер, ұсынымдық әдебиеттер тізімдері мен ақпараттық басылымдар дайындау;
- жаңа әдебиеттер туралы ақпарат тарату;
- электрондық каталогтар мен дерекқорларды жүргізу;
- өлкетану бойынша және тақырыптық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру;
- пайдаланушылардың ақпараттық мәдениетін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізу.

Бөлімнің әдістемелік жұмысы: кітапхана ісінің өзекті мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және кәсіби кездесулер ұйымдастыру; жас мамандарға арналған кітапханалық сабақтар, тәжірибе алмасу шаралары мен оқыту семинарларын тұрақты түрде өткізу; кітапханашы мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал ету.

Бөлім өз қызметінде заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің сапасын арттыруға және пайдаланушыларға қолжетімді ақпараттық орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүзеге асырады.